



Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ,
институт ректоры,
география ғылымдарының
докторы

С. ҚУАНЫШБАЕВ: «Институт жанынан; шағын орталық пен балабақша, мектеп пен колледж ашуға мүмкіндік берілді»

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты еліміз бойынша алдыңғы қатардағы ЖОО біріне саналады. Сол себептен де болар, институтымыздан білім алып, білікті маман атанғысы келетін жастар республикамыздың барлық өңірінен дерлік келіп оқып жатыр. Осы орайда, карантин жағдайында мұнда биылғы оқу жылы қандай жаңалықтармен басталды, нендей өзгерістер бар деген сауалдарға жауап алу мақсатында институт ректоры, география ғылымдарының докторы Сейтбек Бекенұлы ҚУАНЫШБАЕВҚА сауалдарымызды қойған едік.

«АХ»: Әңгімемізді институттың «мемлекеттік» деген атауының алынып тасталғанынан бастасақ. Мұның себебі неде, бұл өзгеріс оқу орынының имиджіне нұқсан келтірмей ме?!

Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ: Иә, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты болғанбыз, қазір Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты деп аталамыз. «Мемлекеттік» деген сөз алынды. Қазақстандағы барлық ЖОО коммерциялық емес жоғарғы оқу орындарына айналды. Коммерция деген сөз тұрғанда ешқашан «мемлекеттік» деген сөз жазылмауы керек. Бұл Елбасының жолдауы бойынша ЖОО –на үлкен мүмкіншіліктер беріп, қолымызды ұзарту мақсатында жасалып жатыр. Мысалы: біз бұрын «Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық Мемлекеттік Педагогикалық Институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болған кезімізде біздің мүмкіншілігіміз кішкене шектеулі болатын. Яғни, жарғы бойынша біз: сабақ береміз және біліктілікті арттыратынбыз. Осындай екі ақ қызмет атқарып келдік. Ал, қазір мүмкіншілік болған жағдайда институт жа-

нынан шағын орталық пен балабақша, мектеп пен колледж ашуымызға да болады. Сонымен қатар, кез – келген бағыт бойынша біліктілікті арттыру, болмаса, курстар өткізіп ақша табуға мүмкіншіліктер пайда болып отыр. Мінеки, біріншіден мемлекет барлық ЖОО –на білім берумен қатар табыс табу көздерін де ашып беріп жатыр. Оның жоғары оқу орынының имиджіне ешқандай (кері) әсері жоқ. Жаман ойламау керек. Еліміздегі ЖОО барлығы осы коммерциялық емес ұйымдарға көшті.

«АХ»: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 1 қыркүйектегі: «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» аталған жолдауында білім беру саласына байланысты көптеген дүниелерді айтты. Соның ішінде «Мен 2021 жылдың қаңтар айынан бастап мұғалімдердің еңбекақысын 25 пайызға көбейту жөнінде шешім қабылдадым. Жалақы мөлшері алдағы уақытта да арта береді. Бұл мақсатқа алдағы үш жылда қосымша 1, 2 триллион теңге бөлінеді» деген сөзі ұстаздар қауымын бір қуанытып тастағаны анық. Сіздің ұжым бұл жолдауды қалай қабылдады? Жолдауда айтылған талаптарды жүзеге асыруға дайынсыздар ма?!

Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ: Біз бұл жұмысты көктемде қолға алған болатынбыз. Жаңа жылда бір көтердік, тағы да 1 қыркүйектен бастап алғашқы кезекте мұғалімдердің жалақысын 25 пайызға көтеріп отырмыз. Себебі, мұғалімдердің имиджін көтергіміз келеді. Оның сыртында біз мейрам сайын оқытушыларға, қызметкерлерге сыйақыларымызды беріп келеміз және алдағы уақытта да тоқтатпаймыз. Мұны күні кеше талқылау барысында даму жоспарымызға енгіздік.

«АХ»: Биыл алғаш рет талапкерлеріңізді пандемия жағдайында, карантин тәртібімен қабылдадыңыздар. Бұл процесс қалай жүрді? Оқуға жаңадан түскен студенттердің саны жылдағыдан азайып қалған жоқ па?

Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ: Жоғары оқу орынына қабылдау бұрын да күрделі процесс болатын, пандемия кезінде одан да күрделене түсті. Бірінші кешенді тестілеу, былайша ай-

тқанда ұлттық тестілеу біздің базамызда өтті. Ол жерде барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, әркім өзінің білім деңгейіне қарай ұпайларын алып, содан кейін барып ЖОО –на құжаттарын тапсырды. ЖОО –на құжаттар: еқов. кз пен біз арқылы тиісті орынға жіберу сынды бірнеше әдіспен тапсырылды. Биыл министрлік үлкен жағдай жасап, құжат тапсыру мерзімі 25 шілдеде біту керек болса, соны 30 шілдеге дейін созды. Яғни, осы 5 күн ішінде құжаттарды қайта – қайта тексеріп, тест орталығы олардың барлығын өңдеп, ұпайлары бойынша, берілген өтініштері бойынша, кім қандай жоғары оқу орынына қандай мамандық бойынша өтті солардың барлығын белгілеп, өз уақытымен жария етті. Пандемия талапкерлердің санына әсерін тигізді. Бұған дейін елімізде педагогикалық ЖОО –на өту 60 балл болатын, биыл ол көтеріліп 70 –ке жетті. Содан кейін талапкерлер аудиторияда емес, барлықтары үйлерінде дайындалғандықтан білім көрсеткіштері жылдағыдан кішкене төмендеу болды. Төмендеу болғанының салдарынан 70 балл алмаған бала бізге оқуға түсе алмайтын болды.

«АХ»: Пандемия барлық салаға теріс әсерін тигізіп жатыр ғой. Мемлекеттен қаржының аз бөлінуі дегендей. Биылғы институтымызға бөлінген грант саны былтырғыдан кем емес пе?

Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ: Грант саны өткен жылғыдан аздау болды. Бірақ бұл біздің институтымызға теріс әсерін тигізген жоқ. Себебі, қашықтықтан оқуға, ақылы түрде білім алуға келгендерін қосқанда 550 бала болса, біз оның үстіне тағы 250 –ін қосып, биыл оқуға жалпы 800 студент қабылдап отырмыз. Сондықтан бізде студенттердің саны азайып бара жатқан жоқ, қайта көбейіп келе жатыр деп айтуға болады.

«АХ»: Қашықтықтан оқыту барысы қалай жүргізіліп жатыр? Оқу орыны қабырғасында, ұстаздың алдынан білім алғанға ешнәрсе жетпесі анық қой. Алайда, бүгінгі жағдайда студенттерге неғұрлым сапалы білім беру үшін неге басымдық беріп отырсыздар? Президентіміз де өз жолдауында: «Толыққанды оқу үдерісі үшін

қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет» деп тапсырғаны белгілі.

Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ: Біз қашықтықтан оқуға аса қиналған жоқпыз. Себебі, күндізгі бөлімде қашықтықтан оқып жатқан екі курстың студенттері болатын. Бүкіл бағдарламамыз, материалдық – техникалық базамыз сәйкес келгендіктен, сол тәжірибені бір дестен күндізгі бөлімнің студенттеріне толығымен қолдандық. Дегенмен, алғашқы кезде біраз қиыншылықтар болды. Оның барлығын біз ескере отырып, 1 қыркүйектен бастап ғаламторымыздың күшін көбейттік. Материалдық – техникалық базамызды жақсарттық. Содан кейін ұстаздардың барлығына zoom бағдарламасымен жұмыс істеуді үйретіп, институт тарапынан қаржысын төлеп, осы бағдарламаны шексіз пайдалану мүмкіндігіне ие болып отырмыз. Қашықтықтан оқытудың сапасына келетін болсақ, мен өзім дәстүрлі түрде оқығанды дұрыс көремін. Қашықтықтан оқуды студент қаншалықты қабылдап отырғанын біз тек қана аралық бақылауда, эмитан кезінде білеміз. Екіншіден, тағы бір үлкен проблема ауылдарымыздың қорлығында ғаламтор жоқ қой. Шалғайдағы ауылдардан келіп оқып отырған жастардың барлығында бірдей интернет жоқ. Интернет бар жерлердің өзінде қажетті материалдарды ашуға оның күші жете бермейді. Алайда, біз мұндай қиындықтардың туатынын білдік те, студенттердің барлығын шақырып, жылдағыдай жатақханаларында жатып, институттың ішіндегі компьютер кабинеттерінде оқуға мүмкіндік жасап жатырмыз. Қазіргі таңда 20 бала жатақханада тұрып жатыр. Білімінің сапасын түсірмеуге өз тарапымыздан барлық жағдайды жасап жатырмыз. «Сабақ қалай өтуде, оған студенттер түгел қатысып жатыр ма?!» деп күнделікті тексереміз.

«АХ»: «Серпін» бағдарламасымен биыл қанша студент оқуға түсті?

Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ: «Серпін» бағдарламасы жалғасып жатыр. Өкінішке орай, жоғарыда айтып өткен 70 ұпайдың әсері болды бірінші-

ден, екіншіден пандемия кезінде ата – аналары оңтүстіктен балаларын солтүстікке қарай індет басылғасын жібереміз деп көпшілігі жібермей қойды. Жалпы биыл «Серпін» бағдарламасымен 18 бала ғана оқуға түсті.

«АХ»: Қазіргі уақытта оқу бітіріп маман атанғанымен дипломын «сандықтың түбіне тастап», басқа кәсіппен айналысып кетіп жатқандар көп. Оның сан себебі болса, соның бастысы – мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмау. Бұл мәселе сіздерде қалай шешіліп жатыр?

Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ: Біз өткен жылы түлектеріміздің 90 пайызын жұмысқа орналастырдық деп отырмыз. Сырттай факультетте оқитындарымыздың барлығы білім мекемелерінде істейтін мұғалімдер. Күндізгі оқу бөлімде грантта оқығандардың барлығы міндетті түрде 3 жыл жұмыс істеуі керек. Егер олай жасамаса министрліктен бөленген қаржыны қайтарулары керек болады. Ал, ақылы түрде оқығандар мектептерге барып жатыр. Біз оларды жұмысқа орналастырмаймыз. Бірақ, қай жерге жұмысқа тұрғанын бақылап отырмыз.

«АХ»: Білетініміздей, өткен жылы институт жанынан облысымызда алғашқылардың бірі болып «Рухани жаңғыру» кеңсесі ашылды. Осы орталықтың жұмысы жайында айтсаңыз.

Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ: Биылғы 16 наурыздан бастап барлық сала секілді «Рухани жаңғыру» кеңсесі де онлайн тәсілге көшті. Өткен жылы көптеген жұмыстар жасадық. Қазіргі уақытта қазан айында қашықтықтан өтетін Абай атамның – 175 жылдығына арналған «Абай әлемі» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми – практикалық конференциясына дайындалып жатырмыз. Жалпы рухани жаңғыру бойынша студенттермен кездесулер, басқа да шараларды онлайн өткізудеміз.

«АХ»: Өткен оқу жылын қандай жетістіктермен аяқтадыңыздар?

Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ: Бірінші үлкен жетістігіміз студенттеріміз індет уақытында аман – есен оқуды бітірді. Бітіретін студенттердің барлығы қашықтықтан дипломдарын қорғап, кейбірі дипломдарын келіп алса, кейбіріне пошта арқылы салдық. Студенттеріміз ғылыми жобаларға қатысты, мұғалімдеріміздің көпшілігі өздерінің біліктілігін арттырды.

«АХ»: Сөз соңында қашықтықтан оқып жатқан студенттерге, олардың ата – аналарына айтар талап – тілек, лебізіңіз болса..

Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ: Біріншіден барлықтарының сақтанып, аман – есен болғанын қалаймын. Еліміздегі санитарлардың айтып жатқан барлық нұсқауларын біз орындауымыз керек. Сол нұсқауды орындай отырып, індеттен аман – есен құтылып, студенттер өз аудиториясына, барлық қызметкерлер өз жұмыс орындарына шығуын, денсаулықтарының жақсы болуын тілеймін. Сонымен қатар, институтымыздың көркейіп, өсе беруіне барлық жағдайды жасаймыз!

«АХ»: Сұхбатыңызға рақмет. Білімді, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу жолындағы жұмыстарыңыз жемісті болсын!

Сұхбаттасқан:
Дархан АМАНТАЙҰЛЫ